ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

«24» ақпан 2026 ж./г.
Қызылорда қаласы

№ 12-ш
город Кызылорда

«Қызылорда қаласында көпірден Су торабына дейінгі учаскеде жаяу жүргіншілер жолы мен веложолдарды орналастыра отырып Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекіту» жобасын іске асыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясы» РМК-ның инспекция басшысы З. Қазтоғановтың Қызылорда қаласының аумағындағы Сырдария өзенінің сол жағалауы туралы 24.10.2025 жылғы 28-1-2-27-1-04/1432-И хаты, қалалық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2026 жылғы 23 ақпандағы кезектен тыс жедел отырысы хаттамасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда су торабынан С. Бейбарыс көшесі бойындағы автомобиль көпіріне дейінгі Сырдария өзенінің сол жағалау беткейіндегі қорғаныс бөгеттері төтенше жағдайлар объектісіне жатқызылсын.

2. «Қызылорда қаласында көпірден Су торабына дейінгі учаскеде жаяу жүргіншілер жолы мен веложолдарды орналастыра отырып Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекіту» жобасы негізінде (мемлекеттік сараптаманың жұмыс жобасы бойынша 24.02.2026 жылы № 19-0056/26 оң қорытындысы) мемлекеттік сатып алу рәсімдері (бір көзден алу тәсілімен) жедел түрде жүргізілсін.

3. Қызылорда қаласындағы Қызылорда су торабынан С. Бейбарыс көшесі бойындағы автомобиль көпіріне дейін Сырдария өзенінің сол жағалау беткейіндегі қорғаныс бөгетінің жай-күйіне ақаулық актісін жасау үшін комиссия құрылсын.

4. Осы шешімінің орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда қаласының әкімі **Н. Ахатов**

000255

Сканировано с CamScanner